

"Ауыл шаруашылығы машинасымен жұмыс істеу кезінде еңбек ету жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" атты санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 28 сәуірдегі N 202 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 13 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 3731. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 476 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.06.30 N 476 бұйрығымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 10) тармақшасына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған "Ауыл шаруашылығы машинасымен жұмыс істеу кезінде еңбек ету жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" атты санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар бекітілсін .

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Байсеркин Б.С) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін .

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауға жолдансын .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А.Белоногқа жүктелсін .

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

"КЕЛІСІЛДІ"

2005 жылғы 3 маусым

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
м. а. бұйрығымен 2005 жылғы
28 сәуірдегі N 202 бұйрығымен
бекітілген

"Ауыл шаруашылығы машиналарымен жұмыс істегенде жұмыс жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар

1. Жалпы ережелер

1. Ауылшаруашылығы машиналарымен жұмыс істегенде қолданылатын санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар ауыл шаруашылық машиналарын пайдаланғанда қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды (бұдан әрі - санитарлық ережелер) және жұмыс жағдайларын анықтайды.

2. Осы санитарлық ережелер мен нормаларда төмендегідей анықтамалар қолданылды:

1) трактор - тіркелген немесе үстіне қондырылған машина арқылы (ауыл шаруашылығы, құрылыс, жолы жұмыстары) іске қосылатын, өздігінен жүретін, жыланбауырлы немесе доңғалақты машина;

2) ауыл шаруашылық машиналары (бұдан әрі - машиналар) - ауылшаруашылығында қолданылатын арнайы машиналардың түрлері: соқа, тұқым сепкіш, комбайндар;

3) із салғыш - ауыл шаруашылығы дақылдарын егу немесе отырғызу барысында қатарлар арасы түйісетін жерде белгіленген кеңдікті сақтау үшін егу немесе отырғызу агрегатына бағыт беретін, атыз жыртатын арнайы ауылшаруашылық құралы немесе бейімделген соған құрал;

4) бағытын өзгерту - машинаның қозғалыс бағытын өзгерту немесе оның жекеленген элементтеріне кері жұмыс істету;

5) Отырғыштың бақылау нүктесі (бұдан әрі - ОБН) - адам кеудесінің сан сүйегінен бұрылатын теориялық осінің отырғыштың симметриялық осі арқылы өтетін тік жазық бетпен қилысу нүктесі.

2. Ауыл-шаруашылық машиналарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

3. Машиналардың конструкциясы жұмыс үдерісінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, сондай-ақ жұмыс орындарында қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың нормативті деңгейі сақталуы керек.

4. Машиналардың құрылымындағы бөлшектердің орналасуы мен механизмдері, оларды жинау және техникалық қызмет көрсету, жөндеу жұмыстарын жүргізгенде ыңғайлылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз етуі керек. Жұмыс үдерісі барысында технологиялық материалдармен немесе көлденең қосылыстармен бітеліп қалған механизмдер кері қалпына келтіруге, ажыратуға және тазартуға ыңғайлы болуы керек.

5. Машиналардың жекеленген тораптары мен оның бөлшектерінің салмағы 20 килограмнан аспауы керек (бұдан әрі - кг) және машинаны жинау барысында оларды бекітуге, орнатуға арналған құрылғы қарастырылуы керек. Машиналар шанды басқа жаққа бұратын болмаса тұтатын қондырғылармен жабдықталуы керек.

6. Машинаға жүкті қолмен тиегенде жүк тиейтін бункердегі тесіктің биіктігі жерден немесе машинаның белдеуінен бір метрден (бұдан әрі - м) аспауы керек.

7. Аспалы және тіркемелі машиналар оператордың жұмыс орнына кіріп отыруын, операторлардың агрегатты басқаруын, жұмыс учаскесін шолуын және жұмысшы механизмдерді көруін; техникалық қызмет көрсетуін қиындатпауы керек.

8. Тракторларға машиналарды қосу және ағыту жұмыстары автоматты ілгек арқылы қамтамасыз етілуге тиіс. Ілінетін және тіркелетін машиналарды жұмысшы жағдайларына ауыстыру оператордың жұмысшы орнында жүргізілуге тиіс.

9. Отын бағының, салқындату және майлау жүйелерінің аузындағы мойын сыйымдылықтарды механикаландырылған жолмен толтыруға бейімделген құралмен жабдықталып, ол кабинаның сыртында, жерден немесе аяқ қойғыштан 140 сантиметр (бұдан әрі - см) артық емес биіктікте орналасуы керек.

10. Машина қозғалтқышын іске қосу жүйелері жеңіл және қауіпсіз қосуды қамтамасыз етуі керек. Қозғалтқыштың түтін шығаратын құбыры кабинаның төбесінен (тенттен) биік орналасуға тиіс.

11. Технологиялық үдеріс кезінде, жұмыс орындағанда жұмыскерлердің қозғалып тұруы үшін тіркемелі машиналардағы жұмыс орнында, оның ені 350 миллиметрден (бұдан әрі - мм) кем болмауы керек, беті бүдірленген аяқ қоятын алаң қарастырылуы керек. Құлап қалмау үшін алдыңғы жағында биіктігі 70 мм кем емес тірек қойылуы керек.

Алаңның орта бөлімінде биіктігі 800-1200 мм қол қойғышы немесе арқасы бар отырғыш қарастырылуы керек, оның ұзындығы алаңның 1/3 құрап, биіктігі 700 мм кем болмауы керек.

12. Тұрақты түрде немесе анда-санда пайдаланылатын басқару механизімі қолданыстағы стандарттардың талаптарына сай болып, бірегейленуі керек. Рычагтарды, штурвалдарды, басқыштарды басқарғанда жұмыскердің кейпі өзгермеуі керек.

13. Руль дөңгелегі, басқару рычагы және басқыштар оператордың жұмыс орнына келуіне және шығуына, басқару кезінде аяқтардың қозғалуына бөгет жасамауы керек.

14. Басқыштардың беттері бүдірлі болуы керек. Аяқпен қозғалтқандағы басқыштардың кіру тереңдігі 150 мм, ал бір аяқпен басқанда 100 мм аспауы керек.

15. Кабинаның ішкі габариті жұмыс орнын ұтымды орналастыруға мүмкіндік беріп, қолайсыз метеорологиялық жағдайлардан және зиянды өндірістік факторлардан толық қорғайтындай болуы керек.

16. Отырып жұмыс істегендегі кабинаның биіктігі ОБН қоса есептегенде 1600 мм, түрегеп істегенде 2000 мм кем болмауы керек. Бір орындық кабинаның ең аз деген ені 900 мм, екі орындық кабиналар үшін тиісінше 310-810 мм дейін болуы керек. ОБН үстінде 1400 мм, кабинаның ұзындығы 1200 мм болуы керек.

17. Кабинаның терезелері мен шыныланған беттері жұмыс учаскесін, басқару механизмдерін жақсы көретіндей болып орналасуы керек. Кабинаның алдында және артында орналасқан шынылар көруді нашарлатпайтындай болып жалғаспай орналасуы керек.

18. Алдыңғы, керек болған жағдайда артқа қарап жұмыс істегенде пайдаланатын артқы шынылар механикалық шыны тазалатқыштармен жабдықталуы керек. Шыны тазалатқыштар шыны аумағының 75 пайызынан (бұдан әрі - %) кем емес алаңды тазалау керек.

19. Кабиналардың ішін жарықтандыру үшін плафондар орнатылып, арттағыны көретін айна, көздің күннен қарықпауы үшін күн қағарлар немесе жарық сүзгіштер, шыныны терлетпейтін, мұздатпайтын аспаптар қарастырылуы керек.

20. Кабинаның есік, терезелері, басқару үшін пайдаланылатын рычагтар кіретін есіктер тұмшалана жабылуы керек. Кабинаның еденімен күш түсетін орындар бедерленіп, май мен жаңғыш заттарға төзімді болуы керек.

21. Машинаның кабинасында сыйымдылықтарды, бункерлерді, май құятын мойындарды, өлшегіштерді және аккумуляторларды басқа да заттарды орналастыруға болмайды.

22. Кабина жылдың суық және ыстық мәселелеріне сай, сырттан жылу

келмейтіндей немесе іштен жылу шықпайтындай етіп, тығыз жабылуы керек.

23. Кабинадағы температура жылдың суық мезгілінде 14 градус Цельсиядан (бұдан әрі - $^{\circ}\text{C}$) төмен болмай, жылдың ыстық мезгілінде 21°C жоғары болмай, салыстырмалы ылғалдылығы 30-75%, ауаның жылжу жылдамдығы секундына 0,3 метр (бұдан әрі - м/с) болуы керек. Жылдың жылы мезгілінде кабинадағы температура 28°C , салыстырмалы ылғалдылық 60% аспай, ауаның жылжу жылдамдығы 1,5 м/с болуы керек. Ауаның күрт төмен түсуі немесе жоғарлауы 4°C аспауы керек.

24. Егер ауаны жергілікті жолмен кабинаға енгізгенде ондағы ауа ағынының ортасындағы температура плюс 5°C кем болмауы керек. Жұмыс орнына берілетін ауа жоғарыдан және алдынан берілуі керек.

25. Сыртқы ауаның температурасы сағат 13 плюс $26-30^{\circ}\text{C}$ құраса, кабинадағы температураны 31°C дейін көтеруге, ал температура плюс 30°C жоғары болса, кабинадағы температураның 33°C көтеруге болады. Орташа температураның деңгейі қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне (бұдан әрі - ҚНЖЕ) сай болуы керек.

26. Жылдың суық мезгіліндегі кабинаның ішкі беттеріндегі температура, кабина сыртындағы температурадан айырмашылығы 3°C аспауы керек. Жылдың жылы мезгілінде кабинадағы (шынының бетін санамағанда) температура плюс 35°C аспауы керек.

27. Кабинаны желдету жүйесі ауаны шаңнан тазартуы, жылылықты реттеуі, түсетін ауаның жылдамдылығы мен бағытын өзгертуі керек. Ауаны шаңнан тазалайтын сүзгі кабинаның сыртында орналасып, оңай айырбасталатындай болуы керек.

28. Жабық кабина ішіндегі артық қысым 50 Паскалдан (бұдан әрі - Па) кем болмай, 200 Па аспауы керек.

29. Өзі жүретін және тұрақты машиналар дыбыс, жарық арқылы белгі беретіндей етіп жасалынуы керек. Бірнеше жұмыскерлермен басқарылатын кешенді агрегаттарда екі жақтан белгі беретіндей етіп жасалынуы керек. Белгі беретін дыбыстың деңгейі сыртқы шудан 8 децибелге (бұдан әрі - дБ) жоғары болуы керек.

30. Механизмді айналдыратын бөлікті ажыратқан кезде, барлық кезеңде айналып тұратын жұмысшы механизмдерден қауіптіліктің барлығын дыбыс арқылы білдіретін, белгі беретін механизммен жабдықталуы керек.

31. Ағымды технологиямен жұмыс істейтін машиналар жүйеде ауытқушылықтың (технологиялық үдерістің бұзылуы, жүйенің шамадан тыс жұмыс істеуі, сыйымдылықтар мен бункерлер толғанда, қысым артқанда, қауіпті

және зиянды заттар бөлінгенде) барлығы туралы автоматты түрде белгі беретін жабдықтармен жабдыкталуы керек.

32. Машинатракторлар агрегаттарының (бұдан әрі - МТА) із салғышын жұмыс жағдайына немесе көліктік жағдайға жұмыс орнынан көшіретіндей болып жасалынуы керек.

33. Топырақ үстінде орналасатын кескіш механизмдердің, айналғыш машиналардың механизмдері оператордың жұмыс орнына іске қосылып, ажыратылуы керек.

34. МТД-ғы жұмыс орындары алаңшалармен, сатымен, тіреуіштермен жабдыкталуы керек. Жұмыс алаңшасының мөлшері 60 см, ұзындығы 100 см кем болмауы керек.

Тіркемедегі жұмыс орны кабинада немесе жапқыштармен жабдыкталуы керек.

35. Көшет отырғызатын машинадағы дөңгелектер немесе жылан бауырлар аяқ қоятын алаңша жағынан қоршалынуы керек.

36. Жұмыс орнынан тіркемелер немесе жартылай тіркемелі машиналардағы улы химикаттардан құятын сыйымдылықтардың арасы 100 см кем болмай, ілінетін жерде 50 см, шашырататын қондырғы 70 см кем болмауы керек.

3. Жұмыс жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

37. Машинадағы жабдыкталған жұмыс орыны ондағы жұмыс істейтіндердің санына сай болуы керек. Жұмыс орындарының орналасуы қауіпсіздікті, агрегатты басқаруды, рационалды жұмыс кейпін сақтауды, жұмыс учаскесін толық көруді, машиналардың механизмдері мен бөліктерін анық көруді қамтамасыз етуі керек.

38. Отырғыштар төмендегідей мөлшерлерге сәйкес келуі керек:

1) отыратын орындықтың биіктігі еденнен ОБН дейін - 430 мм;

2) отыратын жастықтың қалыңдығы - 260 мм (+20, -50);

3) отыратын жастықтың ені - 450 мм кем емес;

4) арқадағы жастықтың қалыңдығы 360 мм аспасын;

5) арқалығының ені - кем дегенде 400 мм;

6) жастықтың алдыңғы бөлігінің төмен қарай еңкею бұрышы $0-5^{\circ}$ көп болмауы керек;

7) шынтактірегiштегі жастықтан биіктігі 180-250 мм;

8) шынтактірегiштiң ұзындығы кем дегенде 50-100 мм.

39. Орындық, оның арқасын және шынтактірегiштер жүргізушінің бойы мен салмағына қарай реттелінуі керек. Орындықтың арқасының еңкею бұрышы 5 пен

20 градустың арасында болып, олардың ауытқуы ± 3 шамасында болуы керек.

40. Орындықты реттейтін қондырғы орындықтан бөлек болып, оның шамасын өзгерту арнайы құрал-жабдықсыз жүргізілуі керек. Реттейтін қондырғының конструкциясы отыратын орындықтың шетінен шықпауы керек.

41. Отырғышты, отырғыштың арқасын, шынтактірегiштерді жабатын материал берік, жұмсақ, ауа өткізетіндей болып, оңай жуылуы керек.

42. Жұмыс механизмдері мен басқару пульті жарықтандырылуы керек. Жарықтандыратын құралдар нормаға сай жарық беріп, барлық жерде бірдей жарықтандырып, көлеңке туғызбауы және ҚНЖЕ сай жұмыскерлердің көзін қарықтырмауы керек. Кабиналар жалпы жарық беретін көздермен жабдықталуы к е р е к .

43. Жұмыс аумағындағы ауадағы зиянды заттардың қанықпасының мөлшері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрдің м.а. 2004 жылғы 3 желтоқсандағы N 841 бұйрығымен бекітілген "Жұмыс аумағының ауасындағы зиянды заттардың рұқсат етілген мөлшердегі концентрациялары мен бағдарлы қауіпсіз деңгейлері" гигиеналық нормативтерге сәйкес болуы керек.

44. Машиналардың кабинасы термостарды, ауыз су құйылған сыйымдылықтарды, оператордың сыртқы киімін ілетін, алғашқы көмек көрсететін қобдишаны орналастыратын орындармен жабдықталуы керек.

45. Жұмыс орындағы инфрадыбыс пен шудың деңгейі, сондай-ақ машинаның қозғалу осінен 7,5 м жердегі алыстықта гигиеналық нормативтер арқылы анықталған шекті мөлшерден аспауы керек.

46. Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуден өткізетін Реестрінде N 2780 тіркелген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің "Міндетті түрде жұмысқа алынар алдында және кезеңді медициналық тексерістен өтуді керек ететін зиянды өндірістік факторлардың, мамандықтардың Тізімін және зиянды, қауіпті және қолайсыз өндірістік факторлардың әсеріне ұшырайтын жұмыскерлердің жұмысқа алынар алдында және кезеңді медициналық тексерістен өткізу туралы Нұсқауды бекіту туралы" 2004 жылғы 12 наурыздағы N 243 бұйрығына сәйкес және медициналық тексерістен өтуге тиіс. Зиянды және жағымсыз өндірістік факторлардың ықпалына ұшырайтын машинада жұмыс істейтін адамдарды жұмысқа қабылдар алдында және кезеңді медициналық тексерістерден өткізу керек.